

2012 жылы байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдердің тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 сәуірдегі № 495 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 167-бабының 4-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2012 жылы байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдердің тізбесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 2 ж ы л ғ ы 1 9 с ә у і р

№ 4 9 5 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

2012 жылы байланысты гранттарды тартуға арналған өтінімдердің тізбесі

Ескерту. Тізімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.11.05 № 1387 Қаулысымен.

р/с №	Жобаның атауы	Донор	Орындаушы агенттік	Іске асыру кезеңі (жылдар)	Жобаның жалпы құны (АҚШ долл.)	Грант сомасы (АҚШ долл.)	Мемлекеттік бюджеттен грантты қоса қаржыландыру сомасы (АҚШ долл.)
1	Қазақстан Республикасында медиация институтын енгізу	Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы	Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты	2012 – 2014	400 000	150 000	250 000
2	Халықаралық стандарттарға сәйкес халықты әлеуметтік қорғау жүйесін жетілдіру	Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі	2012 – 2014	690 300	206 000	484 300
	Қазақстан Республикасында пилоттық ерекше						

3	қорғалатын табиғи аумақтарда биологиялық әртүрлілік мониторингі бойынша ақпараттық жүйе әзірлеу және енгізу	Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі	2012 – 2014	1 533 387	508 860	1 024 527
4	Қазақстанда құрамында ООЛ (орнықты органикалық ластағыштар) бар қалдықтарды жою	Дүниежүзілік Банк	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі	2012 – 2013	645 118	200 000	445 118
5	Қазақстан Республикасына «жасыл дамуды» ілгерілету және Астана бастамасын іске асыру үшін өңіраралық ынтымақтастықты күшейтуге жәрдемдесу	Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы	Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі	2012 – 2013	454 000	160 000	294 000
6	«Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы» (ҰАААЖ) автомобиль жолын салудың концессиялық жобасын дайындау және сүйемелдеу	Халықаралық қаржы корпорациясы	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі	2012–2014	2 000 000	1 300 000	700 000